

**"Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 45 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 2 наурыздағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4557 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 352 бұйрығымен.

**Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.31 № 352 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Әділет органдарының Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу мәселелері жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3513 болып тіркелген, 2005 жылғы 22 шілдедегі "Заң" газетінің N 68 (693) жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3683 болып тіркелген, 2005 жылғы 27 шілдедегі "Заң" газетінің N 71 (695) жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 18 маусымдағы N 160 "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығымен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4322 болып тіркелген, 2006 жылғы 22 қыркүйектегі "Заң" газетінің N 170 (976) жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 24 шілдедегі N 199 "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 бұйрығына өзгерістер мен

толықтыру енгізу туралы бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ т а :

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды тіркеу және тіркеуден шығару ресімінің мерзімі екі жұмыс күнінен аспауы тиіс."

2. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Әділет министрі*